



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2014 - 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1439 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 223 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.04.2015 № 223 қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2014 - 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1 4 3 9 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы мен пайымы

Миссиясы: Мемлекеттің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру міндеттерін шешу үшін құқықтық инфрақұрылымды жаңғырту және қамтамасыз ету.

Пайымы: Тиімді құқықтық қорғаумен, сондай-ақ құқықтық мемлекеттің стандарттары мен қағидаттарына сәйкес мемлекеттік және заңгерлік қызметтермен қамтамасыз етілген дамыған азаматтық қоғам.

2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларындағы (аясындағы) даму үрдістерін талдау

1. Стратегиялық бағыт. Заңнаманы және нормашығармашылықты жетілдіру.

Реттелетін саланы немесе қызметтік саланы дамытудың негізгі параметрлері.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) негізгі міндеттерінің бірі мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету болып табылады, оның негізгі қоғамдық қатынастарға нормативтік құқықтық реттеу арқылы құқықтық ықпал етуден тұрады.

Бүгінгі күні қалыптасқан ұлттық заңнама бола тұра, оның айтарлықтай тұтастығын айту керек. Сонымен қоса, қоғамдық қатынастардың үнемі өзгеретінін ескере отыра, ұлттық құқықтық жүйені баламалы дамытудың нақты қажеттілігі тұныдайды.

Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру оның нормаларын қоғамдық қатынастар субъектілерінің мемлекет жүргізіп отырған саясатқа деген сенімділігін нығайту мақсатында тиімді іске асыру арқылы жүзеге асыуы тиіс.

Бұл мәселеде конституциялық құқықтарды және кепілдіктерді іске асыруға, ең алдымен, бұзылған құқықты тиімді заңнамалық реттеулерді қолдана отыра, қорғау және қалпына келтіру мүмкіндігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Осыған байланысты, үкіметтің әрекетіне дау айту, азаматтық дауларды, меншікке құқықты реттеу институттарының құқықтық негіздерін дәйекті дамыту қажет.

Бұдан басқа, халықты, бизнесті, үкіметтік емес секторды неғұрлым барынша ақпараттық қамту мақсатында, осы субъектілерді бюрократтық рәсімдерді оңайлату жөнінде қабылданған мемлекеттік шаралар туралы хабардар етуді арттыру жөнінде сараланған саясат жүргізу қажет.

Сонымен қатар, құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік шаралар биліктің қоғамның мүддесінен алшақ қабылдаған реттегіші ретінде қабылданбауы тиіс.

Нормашығармашылығы процесінде неғұрлым беделді өкілдері тартылуы мүмкін қоғамның мүддесі алдыңғы орынға қойылуы тиіс.

Осы негізде заң жобаларын әзірлеудің ең бастапқы кезеңінде оларды жария талқылаудың тиімді тетіктерін енгізу қажет болады.

Айталық, заң жобалау қызметін жетілдіру мақсатында 2000 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы заң жобалау қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссияда (бұдан әрі - ВАК) заң жобаларын тұжырымдамалық тәсілдерін талқылау институты енгізілген болатын.

Осы комиссия қызметінің 13 жылғы тарихында оның жұмысына әртүрлі үкіметтік емес ұйымдардың басшылары (бұдан әрі - ҮЕҰ), ғылыми

қоғамдастықтың өкілдері белсене қатысты.

Мысалы, соңғы 3 жыл бойына ВАК құрамына ҮЕҰ, 7 мүшесі ғалымдар кірген, 2013 жылы олардың саны 10-ға дейін өскен.

Осыған байланысты заң шығармашылығы процесіне тартылған субъектілердің неғұрлым ауқымды болуы үшін аталған комиссия құрамында ҮЕҰ және бизнес өкілдерінің санын біртіндеп ұлғайту қажет болады.

Мұндай шара заң жобаларын келісудің барлық сатыларында және оның Парламентте өтуінде қоғам ұсынған ұстанымдар мен ұсыныстарды ескеруге мүмкіндік береді.

Қолданыстағы нормаларды тұрақты талдау және оларды жетілдіру бойынша шаралар қабылдау мақсатында олқылықтарды, коллизияларды, қайшылықтарды, ескірген және тиімсіз іске асырылатын нормаларды анықтауға бағытталған заңнамалық актілердің құқықтық мониторингі институты енгізілді.

Сонымен бірге, құқықтық мониторинг үдерісінде осындай нормаларды анықтау мемлекеттік органдардың жүргізілетін құқықтық реформаларды талдау бойынша жұмысының бір бөлігі ғана болып табылады.

Біздің пікірімізше, құқықтық мониторингтің тиімді тұтқасы талдау нәтижелері бойынша анықталған нормаға ықпал ету дәрежесі болуы тиіс.

Осыған байланысты, әрбір мемлекеттік орган мониторинг нәтижесін заң жобалау қызметінде қолдануы тиіс.

Министрлік мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің мониторингі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың заң жобалау қызметін үйлестіруші болып табылатындықтан, Министрлік мемлекеттік органдардың заң жобалау жұмысының шеңберінде мониторинг үдерісінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды қолданатын болады.

Қоғам мүддесін қорғау және құқық қолдануды дұрыс қамтамасыз ету жолында басқа пәрменді құрал нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық қатынастардың барлық субъектілері үшін қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Құқық қолдану тәжірибесінде ресми жарияланымның пайдалануын ескере отырып, бүгінгі күні халықтың басым бөлігі өздерінің алтын уақыттарын жоғалтумен, мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндеріне сұрау салумен жүгінуге мәжбүр.

Бұл бағытта нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін электронды түрде Интернет-ресурсында жариялау тетігін енгізу аса тиімді болады, бұл оларды алуды айтарлықтай оңайлатады.

Жалпы аталған тетіктер халықтың ақпаратқа қол жетімділігінің конституциялық қағидатын одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Министрліктің негізгі міндеттерінің бірі – Қазақстан Республикасы қызметін

халықаралық аренада құқықтық қамтамасыз ету болып табылады, оның ішінде халықаралық шарттар жобасын сараптау және халықаралық шарттарды бекіту дайындығына қатысу жолымен.

Министрлік сараптау жүргізетін халықаралық шарттардың көлемі жыл сайын ұлғаюда, мұны Еуразия экономикалық комиссиясының Кеден одағы (бұдан әрі - КО) және Біртұтас экономикалық кеңістік (бұдан әрі - БЭК) аясында қабылданатын шешімдері дәлелдейді.

Кейінгі үш жылда 1000 астам БЭК шешімдері қабылданды. Аталған комиссияның шешімдері үкімет пен уәкілетті органдардың кейбір ұлттық функцияларын беруіне орай жоғары ұлттық мәнге ие болатынын ескере отырып, келіп түсетін БЭК шешімдері мен халықаралық шарттар жобаларының сапасын арттыру бойынша шаралар қолдануда, себебі көрсетілген жобалардың басым бөлігі халықаралық міндеттемелерді, әсіресе КО және БЭК кеңістік шеңберінде орындау барысында әзірленеді. Негізгі проблемаларды талдау.

Сапалы норма шығармашылық үдерісіне жобалардың заң сараптамасын жүргізу және Министрлік қызметінің негізгі стратегиялық бағыты болып табылатын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді тіркеу арқылы да қол жеткізуге болады.

Жоғарыда көрсетілген актілерді зерделеу кезінде жалпы жағдай меморгандардың нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі - НҚА) дайындау сапасының әлі де жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетті.

НҚА жобаларын жеткіліксіз дайындалуы да осы мәселені шешу жүйелік негізде әдістемелік көмекті күшейтуден және Министрлікте және оның аумақтық бөлімшелерінде орталық және жергілікті меморгандардың заң қызметкерлерінің тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруды жалғастырудан көрінеді.

Қабылданатын НҚА уақтылы және сапалы іске асыру қызметі маңызды болып табылады.

Соңғы жылдары аталған жұмыс Премьер-Министр өкімдерін қабылдау және олардың Министрлік тарапынан орындалуын тұрақты бақылау арқылы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, бүгінгі күні заңнамалық актілерді іске асыруда заңға тәуелді актілерді уақытында әзірлемеу және қабылдамау, сондай-ақ дайындауға және жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижелері туралы ақпаратты беруге ғана емес, сондай-ақ оны жүргізу рәсіміне үстірт қараудың шешілмеген мәселелері бар.

Мемлекеттік органдар жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша анықталған актілерді қолданыстағы заңнама сәйкес келтіру мәселесіне тиісті назар аудармайды.

Сонымен бірге, қазіргі таңда Министрлікті мониторинг жүргізудегі шын мәніндегі рөлі – мемлекеттік органдар ұсынып отырған ақпаратты талдау болып табылады, себебі Министрлікке тек қана мониторингі үйлестіру функциялары бекітілген. Алайда мониторинг тиімділігін қамтамасыз ету үшін Министрліктің үйлестіру рөлі жеткіліксіз. НҚА құқықтық мониторингі одан әрі жетілдіруді т а л а п е т е д і .

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

Заң шығармашылығы саласындағы негізгі міндет мемлекеттік органдар әзірлеген заң жобаларының сапасын арттыру болып табылады, бұл олардың заңдық пысықталуынан ғана емес, сонымен қоса әлеуметтік, экономикалық, қаржылық құрамдас бөліктерін пысықтаудан, статистикалық деректерді зерделеуге құқық қолдану практикасын талдауға, оң халықаралық тәжірибені қолдануға байланысты және т.б.

Практика мемлекеттік органдардың заң жобаларының тұжырылымдамаларын және заңдар жобаларының өздерін әзірлеуде тиісті көңіл бөлмейтінін көрсетті, сондықтан заң жобаларының тұжырымдамаларында баяндалған ережелерді тиісінше пысықтамау заң жобаларының өздерінің сапасына салдарын тигізеді.

Осылайша, заң жобаларын әзірлеуші – мемлекеттік органдар тиісті саладағы қоғамдық қатынастарға терең талдау жүргізу қажеттігі мәселесіне тиісінше көңіл б ө л м е й д і .

Заң жобасы тұжырымдамаларын әзірлеу кезінде оны дайындау мәселесіне, заң жобаларын әзірлеу талаптарына сәйкес соңғы ВАК мақұлдаған, олардың тұжырымдамаларына қатаң сәйкес әзірленуі тиіс болғандықтан неғұрлым жауапты және сараланған түрде болуы тиіс.

Әзірлеуші мемлекеттік орган ұсынылған мәселе бойынша жан-жақты болжалды-талдау жұмысын жүргізуі, оның қорытындысы бойынша заңнамалық реттелуге ұсынылған барлық ұсыныстарды заң жобасының тұжырымдамасында б е к і т у і т и і с .

Сол арқылы әзірленген заң жобаларының сапасы жақсарады және ВАК мүшелерінің ұсынысы ескерілетін болады.

І ш к і ф а к т о р л а р :

Мемлекеттік органдардың заң жобалау жұмысымен халықтың хабардар болу деңгейін нығайту керек. Осы негізде ықпалды құрал мемлекеттік органдардың Интернет-ресурсында әзірленген заң жобаларының орналасуы болуы тиіс.

2. Стратегиялық бағыт. Сот актілерін орындау институтын жетілдіру.

Реттелетін саланы немесе қызметтің саласын дамытудың негізгі параметрлері

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес сот актілерін барлық

мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

Борышкерлерге әсер ету тетіктерінің және тиімді жүйенің ұзақ уақыт болмауынан қоғамда сот шешімдерінің жазасыз орындалу мүмкіндігі туралы тұрақты пікір қалыптасқан, ол аталған саладағы жағдайға әсер етеді. Сондай-ақ 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта Құқықтық саясат тұжырымдамасында сот актілерін орындау бұлжытпай орындауға жету қажеттілігі аталған. Қабылданған шаралармен ұқсас өткен жылмен салыстырғанда атқарушылық іс жүргізу органдарының қызметінде оң серпінге қол жеткізілді.

Негізгі проблемаларды талдау.

Сот шешімдерінің орындалмаудың негізгі себептері мыналар болып табылады :

- 1) жетілдірілмеген қолданыстағы заңнама;
- 2) сот орындаушыларына жыл сайынғы қызметтік жүктеменің өсуі;
- 3) борышкерлерге әсер етуге жеткілікті шаралардың болмауы;
- 4) атқарушылық іс жүргізу органдарының әлсіз материалдық-техникалық қамтамасыз етуі ;

5) қолданыстағы атқарушылық іс жүргізуді автоматтандырылған есепке алу ақпараттық жүйесінің және бақылаудың жетілдірілмеуі;

Атқарушылық іс жүргізу жүйесін екі бағытта дамыту жоспарлануда:

- 1) бір жағынан – жеке орындау институтын дамыту;
- 2) басқа жағынан – тиісті функцияларды беру есебінен мемлекеттік орындауды күшейту .

Бастапқы кезеңде мемлекеттен немесе мемлекеттің қатысуымен өндіру туралы құжаттарды қоспағанда, заңды тұлғалардың пайдасына, кейіннен жеке тұлғалардың пайдасына өндіру туралы сот актілерін орындау бойынша өкілеттіктерді жеке сот орындаушыларына ғана беру жоспарлануда.

Сонымен бірге, заңды тұлғаларға тиісті лицензиялар алу жолымен жеке орындау құқығын беру туралы мәселе оқуды талап етеді, ол ірі мамандандырылған кәсіби компаниялардың құрамында жеке сот орындаушылардың қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік сот орындаушыларын күшейту үшін оларға сот актілерін орындамаумен байланысты мемлекеттік органдармен келісіп қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша функцияларды беру туралы мәселесін қарау керек.

Борышкерлерді сот үкімін, сот шешімін немесе өзгеде сот актілерін қасақана орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша құқық қолдану тәжірибесі талдау аталған норманы қолданудың төмен тиімділігін көрсетті.

2000 жылдан 2001 жылдар аралығында шамамен 700 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылды, 2001 жылдан бастап (көрсетілген қылмыстар туралы істерді ішкі істер органдарының тергеуіне бойынша беру) 2012 жылға 39-ға дейін

тартылған тұлғалардың саны бірден төмендегені байқалады. Онда сот орындаушыларымен жыл сайын ішкі істер органдарына жолдаған материалдардың саны 1700-ден 2000 дейін құрайды.

Қылмыстық істерді қозғау үшін құқық қорғау органдарына жолданған атқарушылық құжаттар ұдайы өсуі мен материалдардың көбеюі кезінде сот актілерін орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған борышкерлер санының төмендеу үрдісі байқалуда.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

Туындаған жағдайдың себебі борышкерлерге әсер етудің жеткілікті тетіктерінің, мәжбүрлеу әдістерін дербес қолдану мүмкіндігінің болмауы болып т а б ы л а д ы .

Әлемдік тәжірибені талдау борышкерлерді түрмеге қамау немесе борышты жабуға қажетті мерзімде борышкерді қоғамдық жұмыстарға мәжбүрлеу шараларын қолданумен сот орындаушыларының тергеу әрекеттерін жүргізуін куәландырады. Ресей Федерациясында сот актілерін орындамаумен байланысты істер бойынша анықтау функцияларын Федаралды сот приставтары қызметімен жүзеге асырылады, ол қылмыстық-әкімшілік механизмді толық көлемде қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта сот орындаушылары сот актілерін орындау процесінде олардың қызметіне кедергі келтіру, күшпен қарсылық көрсету, олардың талаптарын орындамау және елемей, келмей, борышкердің тұрған жерін қасақана жасыру мәселелерімен кездеседі.

«Сот приставтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуда сот приставтарының сот орындаушыларына қолдау көрсету көзделген.

Сот приставтары сот орындаушыларының қажетті атқарушылық әрекеттерді кедергісіз жүргізуге мүмкіндік беретін өкілдік берілген.

Халықаралық тәжірибені зерделеу атқарушылық іс жүргізу органдарына арнайы мәртебенің бар болуы жүктелген міндеттерді тиімді іске асыруға мүмкіндік беретінін көрсетті, себебі кедергі келтіру және олардың талаптарын елемей тәуекелі айрықша төмен.

І ш к і ф а к т о р л а р :

2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес сот актілерін мүлтіксіз орындауға жету, соның ішінде сот шешімін орындаудан жалтарғаны үшін жауапкершілікті күшейту, адал емес борышкерлерге қатысты шектеу шараларын бұдан әрі қолдану, атқарушылық іс жүргізуге процессуалдық сот бақылауын күшейту қажет.

3. Стратегиялық бағыт. Сот-сараптамалық қызметті жетілдіру.

Реттелетін саланы немесе қызметтің саласын дамытудың негізгі параметрлері

Құқық қолдану тәжірибесі сараптамалық қорытындылардың қоғамдық қатынастардың әр түрлі салаларында талап етіліп отырғанын көрсетеді.

Сараптамалық қызметтің көбейіп отырған көлемі сот сараптамасының баламалы жеке секторын енгізуге негіз болды.

Сот сарапшысының тәуелсіздігін қамтамасыз ететін сот-сараптама саласындағы заңнамалық база жасалды, сот сараптамасының сапасына бақылау жасау тетіктері енгізілді.

Қазіргі заманғы қылмыстық әрекеттердің жоғары ғылыми-техникалық деңгейі мен оның ұйымшылдығы құқық қорғау органдары қызметін қамтамасыз етудегі сот сараптамасының ролі мен мағынасын шын мәнінде көтермелейді.

Негізгі проблемаларды талдау.

Сонымен бірге, сот-сараптама қызметінің саласы одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

2012 жылы Сот сараптамасы орталығы (ССО) сот сарапшыларының жүктемесі 1997 жылмен салыстырғанда 4,7 есеге өсті, Сот медицинасы орталығының (СМО) жүктемесі 1,5 есеге өсті, алайда сот сараптамасы органдарының штаттық саны аталған кезеңде өзгерген жоқ.

ССО сарапшы кадрлары тек 15 ауданда және облыстық маңызы бар 9 қалада ғана бар, ал сот-медицина сарапшылары – 86 ауданда бар.

Жеке сот сараптама институты да жеткілікті дамымай отыр, әсіресе аудан орталықтарында, сондай-ақ осы саладағы ішкі істер органдарының, денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз аккредиттелген сарапшылардың әлеуеті де толық көлемде пайдаланылмай отыр.

Бұдан басқа, қылмыстардың жаңа түрлерінің пайда болуына, ғылым мен техниканың дамуына байланысты инновациялық сот-сараптамалық технологияларды енгізу, сондай-ақ сот-сараптамалық зерттеулердің жаңа әдістемелерін әзірлеу қажет.

Сот сараптамасының жекелеген түрлерін тағайындаудың мақсатқа сәйкестігі мәселесі де толық көлемде пысықталмаған, ал бұл сарапшылық жүктеменің артуына әкеп соғады.

Қазіргі уақытта еңбек ақының төмендігінен, жұмыс көлемінің көптігінен, әлеуметтік қорғалудың жоқтығынан сараптама қызметі беделінің төмендеуі мен осы саладан сарапшы кадрларының кетуі байқалады.

Сот сарапшыларын әлеуметтік қорғау шараларын қалыптастыру мақсатында қолданыстағы заңнаманы келесілерді реттеу үшін жетілдіру қажет:

- 1) сот ісін жүргізудегі сот сарапшыларының қауіпсіздігін;

2) сот сарапшыларын әлеуметтік қорғауды (бюджеттік қаражат есебінен міндетті сақтандыру, опат болған, жарақат алған, мүгедектік белгіленген жағдайларда өтем ақы төлеу);

3) тұрғын үймен қамтамасыз ету;

4) сарапшылар мен олардың отбасына медициналық қызмет көрсету.

Астана және Алматы қалаларын қоспағанда Орталықтың барлық дерлік зертханалары криминалистикалық зертханаларға арналған үй-жайларды жарақтандырудың халықаралық және отандық стандарттарына сәйкес келмейді.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

Мемлекетіміздің бүгінгі таңда құқық қорғау жүйесіне қойып отырған жоғары талаптарына сәйкес келтіру мақсатында, Министрлік сарапшылық тәжірибені ғылыми-зерттеушілік және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді зерттеу әдістемелерінің жаңа түрлерін әзірлеу мен қолда барларын өзгерту, сараптама жүргізудің халықаралық тәжірибеге негізделген заманауи әдістері мен рәсімдерін енгізу жолымен нығайтатын және жетілдіретін болады.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы» ММ 22 аумақтық бөлімшелерінің ғимараттарын сынақ зертханаларына қойылатын арнайы талаптар мен санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес келтіруі қажет.

І ш к і ф а к т о р л а р :

Ұсынылатын қызметтердің сапасына әсер ететін маңызды фактордың бірі сот-сараптама қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сонымен қатар сот сарапшыларының кәсіби деңгейін көтеру болып табылады. Тек лайықталған үй-жайлары бар зертханаларда жұмыс істеу, сондай-ақ сараптама жүргізу кезінде заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етулерді пайдалану ғана сот-сараптамалық зерттеулерді уақтылы және сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

4. Стратегиялық бағыт. Дүниежүзілік сауда ұйымының және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының нормаларына сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын қорғау

Реттелетін саланы немесе қызметтің саласын дамытудың негізгі параметрлері

Зияткерлік меншік құқықтарын тиісінше қорғау мәселелері экономикалық сипаттағы мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұны Дүниежүзілік сауда ұйымының талабы растап отыр. Оған сәйкес осы ұйымға кіруге ниет білдірген мемлекет өзінің ұлттық заңнамасын Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге (1994 жылғы 15 сәуірдегі) сәйкес келтіруге міндетті.

Қазіргі уақытта, жалпы зияткерлік меншік саласындағы Қазақстанның заңнамасы қалыптасқан. Республика негізгі халықаралық келісімдер мен шарттардың қатысушысы болып табылады.

Зияткерлік меншік саласындағы бәсекелестікке қабілеттілікті жоғарылату және инновациялық қызметті қолдау мен дамыту мақсатында, жылсайын «Шапағат» өнертапқыштық саласындағы жетістіктердің республикалық байқауы, сондай-ақ, зияткерлік меншікті қорғау мәселелері бойынша Астана экономикалық форумының аясында панельдік сессиялар өткізіледі.

2013 жылы жарияланған Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингісіне сәйкес Қазақстан «Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау» индикаторы бойынша 73 орында тұр, өткен кезеңнің көрсеткішінен 19 тармақ жоғарыда. Осы көрсеткіштің құрылуына зияткерлік меншік құқығын қамтамасыз ету деңгейі әсер етеді.

Министрлікпен зияткерлік меншік саласында 19 өзекті мәселелер бойынша социологиялық сұрақ-жауап жүргізілді.

Аталған сұрақ-жауап зияткерлік меншік саласында халықтың білімін және хабардар болу деңгейін анықтауға, сондай-ақ ерекше өзекті бағыттар бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Әділет департаменттерінің жұмысы жақсарту үшін бағытталған.

Жүргізілген социологиялық сұрақ-жауаптың нәтижесі 52,6 % сауалнамаға жауап берушілер зияткерлік меншік құқығын қорғау деңгейімен қанағаттанатынын көрсетті.

Негізгі проблемаларды талдау.

Зияткерлік меншік объектілерін пайдаланатын кәсіпкерлер ретінде пайдаланушылардың, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау бойынша шаралар қабылдамайтын туындылар авторларының құқықтық сауаттылықтың және хабардар болуының төмендігі зияткерлік меншік саласының бірден бір проблемасы болып табылады.

Зияткерлік меншік объектілерін заңсыз қолдану оның дамуына теріс әсерін ететіні бәріне мәлім, сонымен зияткерлік меншік құқығын қорғау деңгейін одан арттыру қажет.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Сыртқы факторлар:

Қазақстан Республикасы КО мен БЭЖ мүшесі болып табылады. Осыған орай, КО мен БЭЖ аумағында зияткерлік меншік құқығын қамтамасыз ету үшін үш мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органдары зияткерлік меншік құқығын қорғау бойынша шара қолдануы қажет. Өзара саудада зияткерлік меншікті қорғау біріңғай ережесін қамтамасыз ету мақсатында үш халықаралық шарттарға қол қою және бекіту болжамдалуда.

Осы салада халықтың құқықтық сауаттылығы деңгейін арттыру мақсатында зияткерлік меншік саласында құқықтық түсіндіру жұмысы күшейту қажет.

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қазақстан халқына Жолдауында айтылған Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес Министрлікке авторлық құқық және патент мәселесін реттейтін заңнаманы тексеру жүргізілді.

Аталған жұмыстың қорытындысы бойынша зияткерлік меншік саласын құқықтық реттейтін мәселелер бойынша Заң жобасы әзірленді, ол ұйымдардың міндеттерін нақтылауды, мүліктік құқықтарды ұжымдық басқару негізін, өзінің шығыстарын өтеуге ұсталған мөлшері пайызын анықтауды, мүліктік құқықтарды ұжымдық басқару негізін 30 күндік күнтізбеге (қазіргі таңда аккредиттеу мерзімі 65 жұмыс күнінде), Қазақстанда өнеркәсіп меншік объектілері құқығын қорғау құралдары тізімінен инновациялық патентін алып тастауды, сондай-ақ өнеркәсіп меншік және т.б. қызметтік объектілерін құқықтық регламенттеу бөлігінде қолданыстағы заңнама нормаларын қайта қарауды көздейді.

Зияткерлік меншік саласына қатысты Қазақстанда даму үшін қолайлы жағдайды қалыптастыру мақсатында контрафактілі өнімдермен күресу жөнінде тиімді шараларды арттыруға, құқықтық түсіндіру жұмысын күшейтуге, аталған салада заңнаманы жетілдіруге бағытталған іс-шаралар Министрліктің Стратегиялық жоспарында көзделген.

5. Стратегиялық бағыт. Әділет органдары ұсынатын мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және білікті заң көмегіне қол жетімділікті қамтамасыз ету.

5.1. Әділет органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру.

Реттелетін саланы немесе қызметтің саласын дамытудың негізгі параметрлері

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызмет жүйесін жақсарту мәселелері Әділет министрлігіне жүктелген міндеттердің тиімді орындалуына қол жеткізуге бағытталған қызметінде ерекше орын алууда.

«Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 шілдедегі № 933 қаулысымен әділет органдары көрсететін 49 қызмет бекітілді, оның 34-і тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету, 13-і зияткерлік меншік құқығын қорғау, 1-і сот актілерін орындау, 1-і сот-сараптамасы саласында.

Әділет органдарының алдыңғы қатарлы міндеттерінің бірі «электронды үкіметті» дамыту болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығын, сапасын арттыру және жеделдігін қамтамасыз ету мақсатында 49 мемлекеттік қызметтің 21-і

электронды түрде көрсетіледі.

Қызметтерді Үкіметтің интернет-порталы арқылы ұсыну тәртібін енгізудің айқын артықшылығы мемлекеттік аппаратпен байланыстың болмауы, мемлекеттік қызметті көрсету барысында қағаз құжаттарының болмауы және мерзімдерді қысқарту болып табылады.

2013 жылдың басынан бастап серпінді жобалардың бірі ретінде өтініш жасаушы мен мемлекеттік аппарат арасында байланысты жоюға, тіркеу мерзімдерін 3,5 жұмыс күнінен бір күнге дейін қысқартуға мүмкіндік беретін шағын бизнес үшін кәсіпорындарды тіркеудің хабардар ету тәртібін, жылжымайтын мүлікке құқықты электрондық тіркеуді енгізу болып табылды.

Қазіргі уақытта шағын бизнесті тиісті хабардар ету арқылы ХҚКО-на жүгінбей-ақ тәулік ішінде тіркеуге болады. Бұл ретте, тіркеуден бас тарту орын алмауда.

Барлық коммерциялық ұйымдар үшін мекенжайды куәландыратын құжат - жарғыларды ұсыну қажеттілігі жойылды. Бюрократиялық тосқауылдарды жою мақсатында қолданыстағы қағаз куәлік формасы электрондық анықтамаға ауыстырылды. Тиісті анықтаманы тіркеу органына жүгінбей-ақ портал арқылы алуға болады.

2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап жылжымайтын мүлікке құқықтарды балама түрде электрондық тіркеудің енгізілуі, ол меншік құқығын нығайтуға және қорғауға, азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін қолдайлы жағдай туғызуға, жылжымайтын мүлікті тіркеу рәсімін оңтайландыруға бағытталған.

Негізгі проблемаларды талдау.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарына Ақпараттық интегралданған жүйесінде (бұдан әрі - ХҚКО АИЖ) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу себептерінің дәйектелімі орын алмауда. Мемлекеттік органдардың кінәсінен техникалық ақаулықтар қосылады (мысалы: ХҚКО АИЖ, «Жылжымайтын мүлікті тіркеу», «Заңды тұлға», «Жеке тұлға» Мемлекеттік деректер қорының, «АХАЖ» Ақпараттық жүйесінің тоқтап қалуы, электр қуатын сөндіру, байланыс каналдарының төмен рұқсаттама қабілеттілігі және т.б.).

Статистикалық деректер бойынша мемлекеттік қызметтердің ауқымды үлесін әділет органдары көрсетуде. Сондықтан, Министрлік басқа мемлоргандармен салыстырғанда бірыңғай деңгейде еместігі орын алуда. Осыған байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуде мерзімдері бұзумен байланысты жоғары қатерлер орын алуда.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтер бойынша түсетін шағымдардың көпшілігі тұрақты түрде құбылуда және мемлекеттік қызметтің жалпы санына байланысты болмайды.

Қазіргі уақытта меншік құқығын қорғау, шарттық міндеттемелердің қорғалуына кепілдік беру және оны бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша заңжобасы шеңберінде қолданыстағы заңнамаға, нотариаттық мәмілелердің негізінде жылжымайтын мүліктерді электрондық тіркеудің баламаларын алып тастау бөлігіне түзетулер әзірленді (Парламенттің қ а р а у ы н д а ж а т ы р) .

Бұдан басқа, кәсіпкерлікті қолдау механизмін жетілдіру бойынша қабылданған шаралар бірқатар әкімшілік кедергілерді қысқарту бойынша қабылданған шаралар Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингіндегі «Кәсіпорындарды тіркеу» индикатор бойынша Қазақстан Республикасының позицияларын едәуір жақсартуға мүмкіндік берді.

2012 жылы Қазақстан «Кәсіпорынды тіркеу» индикаторы бойынша 30 (55-тен 25-ке дейін) ұстанымына көтерілді, бұған кәсіпорын құру процедурасын қ ы с қ а р т у ы қ п а л е т т і .

Рейтингте қатысудың бағыты нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру ғана емес тұтас бизнес-ахуалды жақсартуға және оның инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған.

Кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасау бойынша мемлекеттік саясатты іске асырудың тиімділігі туралы мазмұнды айқындайды. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау. С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

Алдыңғы уақытта «Жылжымайтын мүлік кепілін тіркеу» ақпараттық жүйесін екінші деңгейлі банктің ақпараттық жүйесімен шоғырландыру, сондай-ақ заңды тұлғаларды тіркеу саласында 5 мемлекеттік қызметті автоматтандыру ж о с п а р л а н у д а .

Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестация өткізуге, бағалау қызметін жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханын өткізуге, сондай-ақ жеке сот орындаушы қызметімен айналысу құқығына біліктілік емтиханын өткізу үрдісін автоматтандыру, патенттік сенімді өкілдерді мемлекеттік тіркеу және аттестаттау, ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымдарды акредиттеу өтінімдерін беруді «Е-лицензиялау» МДҚ арқылы автоматтандыру жоспарлануда.

І ш к і ф а к т о р л а р :

Дүниежүзілік экономикалық форумы Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің және Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингтерінде Қазақстанның ұстанымын жақсарту жөнінде кешенді іс-шаралар қабылданатын болады.

5.2. Білікті заң көмегін алуға азаматтардың құқықтарының іске асуын қ а м т а м а с ы з е т у .

Реттелетін саланы немесе қызметтің саласын дамытудың негізгі параметрлері

Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырумен қатар білікті заң көмегіне қол жеткізуді қамтамасыз ету де басым болып табылады.

Тәуелсіздік жылдары мемлекет адвокатураның рөлін күшейтуге, оның ұйымдастырушылық құрылымын заң жүзінде реформалауға, адвокаттардың мәртебесі анықтауға, оның тәуелсіздігіне кепілдік және негізгі процессуалдық өкілетікке бағытталған іс-шаралар қабылданды. Қазіргі таңда кепілдік берген заң көмегін ұсыну саласында қоғам мен мемлекеттің сұрауының белгілі деңгейіне жауап беретін динамикалық дамыған институты ретінде адвокатура қалыптасқан.

Қазіргі таңда Қазақстанда 16 аумақтық адвокаттар алқасы жұмыс істейді. Адвокаттардың жалпы саны 4320 адамды құрайды, оның ішінде 2519 заң консультациялары, 421 – адвокаттар кеңсесінде және 1380 – заңды тұлға құрмай өз қызметін жеке жүзеге асыруда. Кадрлардың тұрақтамауын төмендетудің тұрақты үрдісі қалыптасты. Тұрақты негізде адвокаттық қызмет іске асырылмайтын ауылдық аудандарда халыққа заң қызметін көрсету бойынша адвокаттардың қызметін ұйымдастыру мәселесі біртіндеп шешімін табуда. Мәселен, 2013 жылы ауылдық аудандар адвокаттық қызмет көрсетумен 100 % қ а м т а м а с ы з е т і л д і .

Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттілікті және қазақстандық демократияны дамытуды нығайту жөніндегі міндеттерді іске асыруда қойған рөлін бірден-бір қалыптастыру тапсырмасы бойынша нарықтық қарым-қатынасты жүйелеуде мемлекеттің нарықтық экономикасын іске асыруда Конституциялық құқықтық заң көмегін көрсетуде нотариаттық институт өлшем-рөлі де маңызға ие болып табылады.

Заңнаманы реформалау аясында кешенді құқықтық көмек көрсетудің принциптері бойынша азаматтықтың мемлекеттік айналымында нотариустардың белсенділік модельге көшу жолдары көзделді. Сол себепті Министрліктің мақсатты бағыттау жұмыстары бойынша қоғамның талабы мен қызығушылығына толықтай сәйкес келетін нотариустардың құрылымы қ а л ы п т а с ы п , жү з е г е а с т ы .

«Нотариат туралы» Заңға енгізілген түзетулермен, нәтижесінде әркімнің білікті заң көмегін алу құқығын жүзеге асыруға бағытталып, қызмет ететін нотариустардың санын арттыру мақсатын көздеген нотариаттық қызметті жақсартуға бағытталған бірқатар тұжырымдамалық ережелер қарастырылған.

Атап айтқанда, жемқорлыққа жағдай тудыратын нормаларды жою мақсатында квоталау және нотариустардың бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды конкурспен іріктеу жойылды. Нәтижесінде, елдің нотариалдық корпусы жаңа нотариустармен толықты.

Негізгі проблемаларды талдау.

Адвокаттық және нотариаттық қызметінің саласында сапалы қызмет көрсетуде кемшіліктер бар екендігін тұтас сипатталады.

Соған қарамастан, әлеуметтанушылық сұрақ-жауаптың нәтижесі бойынша адвокаттың және нотариаттың тиісті қызметіне сұраққа жауап берген халықтың 79,4 % және 83,5 % қағаттанған, олардың кәсіптік этиканы бұзуға жол берулері жалғасуда.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Нотариатты және адвокатураны одан әрі жетілдіру үшін нотариустар мен адвокаттар жол берген заң бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылданатын болады.

Жалпы жеке және заңды тұлғалардың бостандығы мен құқын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған нотариат және адвокатура туралы заңнамалар халықаралық практикаға сәйкес қайта қаралатын болады.

5.3. Мақсат. Тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру.

Реттелетін саланы немесе қызметтің саласын дамытудың негізгі параметрлері

Мемлекеттің құқықтық мәдениетінің жай-күйі оның құқықтық жүйесінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру, құқықтық санасын дамыту тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекеттің одан әрі қалыптасуына ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды өлшемдері болып саналады.

Негізгі проблемаларды талдау.

Тұрғындардың құқықтық мәдениет деңгейі мен дәрежесін анықтау әлі де болса өзекті мәселе болып қалуда. Мәселе абсолюттік немесе салыстырмалы шамада бағалаудың жүз пайыздық ықтималдығын қамтамасыз ету мүмкін болмайтындығында. Әлеуметтік сауалнамалар жүргізудің қолданыстағы тетіктері шынайы көріністі көрсете алмайды және өзінің көпшілік бөлігінде қателіктер мен субъективизмге толы. Дәл осы ерекшелік азаматтардың құқықтық ақпараттылығы мен құқықтық санасы деңгейін бағалауға деген жаңа ыңғайды жасау қажеттілігін тудырып отыр.

Бүгінде тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыруға деген кешенді және жүйелі ыңғайды жасау қажеттілігі объективті түрде туындап отыр, ол тек барлық мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың күш-жігерлерінің нәтижесі емес, сондай-ақ жекелеген әрбір адамның саналы түрдегі таңдауы болуы тиіс.

Қазақстан Конституциясының 17 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөз сөйлей отырып, Елбасы «XXI ғасырдың табысты қоғамы – бұл құқықтық сауатты адамдардың қоғамы.

Сондықтан барлық мемлекеттік органдардың міндеті - әлеуметтік жаңғыртудың маңызды мәселелерінің бірі ретіндегі тұрғындарды құқықтық мәдениетке тәрбиелеу болып табылады» деп айқын атап көрсетті.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

Өмір сапасының жоғары стандарттары бар динамикалық, заманауи мемлекет ретіндегі Қазақстанның тұрақты әрі жүйелі дамуына қол жеткізу үшін құқықтық насихат мәселесі жүйелі сипат алуы қажет және адамның тіршілік әрекетінің барлық кезеңдерінде іске асырылуы керек, осы бағыттағы жұмыстар халықтың барлық қабаттарына, соның ішінде ауылдық жерлерде тұрып жатқандарға және ж а с т а р ғ а б а ғ д а р л а н у ы т и і с .

Қазақстан Республикасының азаматтары нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуде, әсіресе өз кезегінде қоғамның, кәсіпкерліктің және биліктің мүдделерін тепе-тең ескеруге мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық актілер жобаларын бұқаралық жария ету рәсіміне белсенді қатысулары керек.

Сондай-ақ, Қазақстан жастары қазіргі заманғы дамыған құқықтық мәдениетке б а с т ы б а ғ д а р б о л у ы қ а ж е т .

Мәселен, құқықтық мемлекеттің дамуындағы қазіргі заманғы кезеңінде азаматтық қоғамды қалыптастырудың ажырамас бөлігі ретінде азаматтардың осы процеске жаппай қатысулары, өз құқықтарын қорғаудағы олардың белсенді позициясы болып табылады. Өз кезегінде құқықтық мәдениеттің азаматтардың құқықтық санасының даму деңгейіне, әсіресе, тұрғындардың құқық пен бостандық құндылықтары, дауларды шешудегі құқықтық рәсім құндылықтары, ымыраға келуді іздеу тәрізді құқықтық феномендерді қаншалықты терең меңгергендеріне, ел тұрғындарының құқықтық қатынаста қаншалықты хабардарлығына тікелей тәуелділігі бақыланады.

3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Заңнаманы және нормашығармашылықты жетілдіру

1.1-мақсат. Ұлттық құқықтық жүйені жаңғырту және бюрократтық рәсімдерді оң а й л а т у

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды – 001, 006, 055, 057

			оның ішінде аралық мәнін көрсету			
			есепті кезеңде		жоспарлы кезеңде	

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсету)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2012 жыл (есепті жыл)	2013 жыл (ағымдағы жылдың жоспары)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. ЖБИ рейтингіндегі «Үкіметтің іс-қимылының заңдылығын даулауда құқықтық шеңберлер тиімділігі» индикаторы бойынша ұстанымын жақсарту	ДЭФ есебі	орын	76	61	60	59	58	57	56
2. ЖБИ рейтингінде «Азаматтық дауларды реттеудегі құқықтық шеңберлер тиімділігі» индикаторы бойынша ұстанымын жақсарту	ДЭФ есебі	орын	67	53	52	51	50	49	48
3. ЖБИ рейтингінде «Меншікке құқық» индикаторы бойынша ұстанымын жақсарту	ДЭФ есебі	орын	77	68	67	66	65	64	63

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, тәсілдері және әдістері

1.1.1-міндет. Заң жобаларының неғұрлым ауқымды талқылануын қамтамасыз ету.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	оның ішінде аралық мәнін көрсету						
			есепті кезеңде		жоспарлы кезеңде				
			2012 жыл (есепті жыл)	2013 жыл (ағымдағы жылдың жоспары)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Үкімет жанындағы заңжобалау қызметі мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құрамындағы өкіметтік емес сектордың өкілдерінің саны	Әділет министрлігінің есептік деректері	Бірлік	-	-	2	4	6	8	
2. Мемлекеттік органдардың Интернет-ресурстарында уақытылы жарияланған заңжобалардың үлесі (базалық көрсеткішті 2013 жылдың қорытындысы бойынша анықталады)	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	Базалық көрсеткіштен 10 %-ға	Базалық көрсеткіштен 15 %-ға	Базалық көрсеткіштен 30 %-ға	Базалық көрсеткіштен 50 %	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл

1	2	3	4	5	6
1. ВАК құрамындағы үкіметтік емес сектордың өкілдерінің санын ұлғайту	X	X	X	X	X
2. Қазақстан Республикасының халықаралық рейтингтарындағы ұстанымын жақсарту бойынша кешенді жоспарын әзірлеу	X	X	X	X	X
3. Интернет-ресурстарында заңжобаларды уақытылы жариялау бойынша мемлекеттік органдардың заңгерлік қызметтерімен сименар-кеңестер ұйымдастыру	X	X	X	X	X

1.1.2-міндет. ЖАО мен ОМО әзірлейтін нормативті құқықтық актілерді одан әрі жетілдіру.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	оның ішінде аралық мәнін көрсету					
			есепті кезеңде		жоспарлы кезеңде			
			2012 жыл (есепті жыл)	2013 жыл (ағымдағы жылдың жоспары)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
1. Мемлекеттік органдар әзірлеген Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын келісуге және бұрыштама қоюға ұсынылғандардың жалпы санынан Әділет министрлігі қайтарғандарының үлесі	Әділет министрлігінің есептік деректері	базалық көрсеткіштен % қадам	-	64	62	60	58	56
2. Әділет министрлігімен келісілген олардың тұжырымдамаларына сәйкес келетін заң жобаларының үлесі (базалық көрсеткіш 2014 жылдың қорытындысы бойынша анықтау)	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	-	Базалық көрсеткіштен 2 %-ға	Базалық көрсеткіштен 5 %-ға	Базалық көрсеткіштен 8
3. Әділет министрлігі енгізген НҚА мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша заңның бұзылуын жою туралы	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	40	39	38	

ұсыныстардың үлесі (анықталған НҚА жалпы санынан)									37
4. Аумақтық әділет органдары енгізген НҚА мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша заңның бұзылуын жою туралы ұсыныстардың үлесі (анықталған НҚА жалпы санынан).	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	60	59	58		57
5. Халықаралық шарттарды жасасу, орындау және тоқтату мәселелері бойынша қайта дайындауға қайтарылған НҚА жобаларының санын азайту	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	44	42	40		38
6. Заң жобалау жұмысы шеңберінде заңнамалық актілердің мониторинг нәтижелері есептелген заңнамалық актілердің үлесі. (базалық көрсеткішті 2013 жылдың қорытындысы бойынша анықтау)	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	Базалық көрсеткіштен 3 %-ға	Базалық көрсеткіштен 6 %-ға	Базалық көрсеткіштен 10 %-ға	Базалық көрсеткіштен 15 %-ға	Базалық көрсеткіштен 15 %-ға

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Нормативтік құқықтық актілерге мониторинг жүргізу	X	X	X	X	X
2. Мемлекеттік тіркеуге жататын НҚА-ны әзірлеу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу және әдістемелік көмек көрсету, мемлекеттік органдардың заң қызметтері қызметкерлерімен норма шығармашылық қызметін жетілдіру мәселелері бойынша семинар-кеңестер өткізу	X	X	X	X	X
3. Мемлекеттік органдардың заң қызметтері қызметкерлерінің тағылымдамалардан өтуін қамтамасыз ету	X	X	X	X	X
4. Халықаралық шарттарды жасасу, орындау және тоқтату мәселелері бойынша НҚА жобаларын әзірлегенде әдістемелік көмек көрсету	X	X	X	X	X
5. НҚА құқықтық мониторингін жетілдіру мәселелерін пысықтау	-	X	-	-	-
6. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге тәуелсіз сарапшыларды, үкіметтік емес сектордың өкілдерін неғұрлым кеңірек тарту, осы салада					

озық білімдерді қолдана отырып, ғылыми сараптамаларды жүргізу негізінде норма түзушілік қызметінің сапасын арттыру жөніндегі тетіктер енгізілді; заң жобаларын дайындау сапасының критерийлері әзірленді	X	X	-	-	-
--	---	---	---	---	---

1.1.3-міндет. Қоғамдық қатынас субъектілерінің хабардарлығын арттыру.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	оған қоса аралық маңызын көрсету						
			есепті кезеңде		жоспарлы кезеңде				
			2012 жыл (есепті жыл)	2013 жыл (ағымдағы жылдың жоспары)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	20 жь
1. Бюрократтық рәсімдерді жеңілдетуге бағытталған заңнамалық шараларды жариялау бойынша шаралардың саны	Әділет министрлігінің есептік деректері	Бірлік	-	-	3	5	7	9	11
2. КО пен ЕЭП шеңберінде жүргізілетін Әділет министрлігінің қатысуымен іс-шаралардың саны	Әділет министрлігінің есептік деректері	Бірлік	-	-	13	15	17	19	21
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	20 жы.
1. Заң жобалау процесі аясында бизнес-құрылымдар мен азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жүргізу					X	X	X	X	X
2. Жеке меншікке және дауларды реттеу институттарын құқықтық реттеу мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер мен конференциялар өткізу					X	X	X	X	X
3. Халықаралық тәжірибені, соның ішінде ЖБИ рейтингінде үздік орындар алатын мемлекеттердің тәжірибелерін зерртеу					X	X	X	X	X
4. ЖБИ рейтингінде ұстанымды жақсарту бойынша қолданған шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау					X	X	X	X	X

1.1.4-міндет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкіні электрондық түрде енгізу жолымен заңнама қолжетімділігін және пайдалану қолайлылығын қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	оның ішінде аралық мәнін көрсету						
			есепті кезеңде		жоспарлы кезеңде				
			2012 жыл (есепті жыл)	2013 жыл (ағымдағы жылдың жоспары)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	20 жь
1. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінің пайдаланушыларының барлық санаттары үшін қолжетімділікті	Әділет министрлігінің	%	-	-	-	100	100	100	100

электрондық түрде Интернет желісі арқылы қамтамасыз ету	есептік деректері									
2. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінің электрондық түрде енгізілуіне байланысты ҚР нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкі бойынша халық пен қоғамдық ұйымдар тарапынан мемлекеттік органдарға арызбен жүгіну санының төмендеуі	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	-	80	60	40	20	

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	20 жыл
1. Ақпараттық жүйені әзірлеу: өнеркәсіптік шешімді инсталляциялау, өнеркәсіптік шешімді талап етілетін функционалға пысықтау	X	-	-	-	-
2. ҚР НҚА электронды түрдегі Эталондық бақылау банкінің мұрағатын қалыптастыру	X	-	-	-	-
3. ҚР НҚА электронды түрдегі Эталондық бақылау банкінің жобасын тәжірибелік пайдалануға енгізу	X	-	-	-	-
4. Ақпараттық жүйені аттестаттау және аудиті	X	-	-	-	-
5. ҚР НҚА эталондық бақылау банкін электрондық түрде өнеркәсіптік пайдалануға тапсыру (2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап)	-	X	-	-	-

2-стратегиялық бағыт. Сот актілерін орындау институтын жетілдіру

2.1-мақсат. Сот актілерін орындау институтының сапасын арттыру

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды – 013, 016, 058

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсету)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	оның ішінде аралық мәнін көрсету							
			есепті кезеңде			жоспарлы кезеңде				
			2012 жыл (есепті жыл)	2013 жыл (ағымдағы жылдың жоспары)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	20 жыл	
1. Аяқталған атқарушылық өндірістердің жалпы санында толық көлемде орындалған атқарушылық құжаттардың үлесі	Әділет министрлігінің статистикалық деректері	%	76,9	78,0	79,1	80	81	82	83	
2. Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінде «Келісім-шарттарды орындау» индикаторы бойынша ұстанымын жақсарту	Дүниежүзілік Банк есебі	орын	26	27	26	25	24	23	22	

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, тәсілдері және әдістері:

2.1.1-міндет. Атқарушылық іс-жүргізу органдарының тиімді жүйесін құру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	оның ішінде аралық мәнін көрсету						
			есепті кезеңде		жоспарлы кезеңде				
			2012 жыл (есепті жыл)	2013 жыл (ағымдағы жылдың жоспары)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Әр сот оырдаушымен толық көлемде орындалған атқарушылық құжаттардың саны	Әділет министрлігінің есептік деректері	ед.	-	430	450	475	510	550	600
2. Жеке сот орындаушылары қызметін жүзеге асыру құқығына ие болған тұлғалар саны (өсуі бойынша)	Әділет министрлігінің есептік деректері	Саны	180	230	370	450	530	610	700
3. Нақты штаттық бірліктен айыптау үкімдері шығарылғандарға қатысты қызметкерлердің үлесінің төмендеуі (атқарушылық іс жүргізу органдарының бастамасы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды қоспағанда)	ҚР БП ҚСАЕА мәліметтері, Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	1,5	1,2	0,9	0,6	0,5
4. Атқарушылық іс-жүргізу органдарында кадрлардың ағымдағы деңгейінің төмендеуі	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	27	25	23	20	18	15	13
5. Мемлекеттік сот орындаушылармен салыстырғанда, жеке сот орындаушылардың орындауындағы атқарушылық құжаттардың саны	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	6	9	13	18	25
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қоғамдық кеңесті құру					X	-	-	-	-
2. Атқарушылық өндірістік органдарының қызметкерлерінің уәждемелерін көтеру, қызметкерлерді оқыту және жетілдіру					X	X	X	X	X
3. Жеке сот орындаушылардың санын арттыру					X	X	X	X	X
4. Қазақстан Республикасының халықаралық рейтингтегі ұстанымын жақсарту бойынша кешенді жоспарды әзірлеу					X	X	X	X	X

зерттеулердің жалпы санынан қарама-қайшы қорытындылары бар қайталама сараптамалардың үлесі	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	11,5	9,5	7,5	5,5	5	4,5	4,0
--	---	---	------	-----	-----	-----	---	-----	-----

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, тәсілдері және әдістері:

3.1.1-міндет. Құқық қорғау және сот органдарын сапалы сот сараптамаларымен қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	оның ішінде аралық мәнін көрсету						
			есепті кезеңде		жоспарлы кезеңде				
			2012 жыл (есепті жыл)	2013 жыл (ағымдағы жылдың жоспары)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. ISO 9001 халықаралық стандарты бойынша сертификат алған Сот сараптамасы орталығы аумақтық бөлімшелерінің саны	Әділет министрлігінің есептік деректері	саны	4	4	4	5	4	-	-
2. Шет елдердің сот-сараптама мекемелерінде біліктілікті арттыру курстарынан өткен Сот сараптамасы орталығы сарапшыларының саны	Әділет министрлігінің есептік деректері	саны	20	20	20	20	20	25	30
3. Енгізілген сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің саны (соның ішінде қолданыстағыларын жетілдіру)	Әділет министрлігінің есептік деректері	саны	-	5	6	7	8	9	10
4. Жүргізілген сот-сараптамалық зерттеулердің жалпы санынан жүргізу мерзімі бұзылған сот сараптамаларының үлесі	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	10	5	5	4,5	4	3	2,5

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Сот сараптама мекемелерінің типтік жобаларының сериясын әзірлеу және ғимараттарын салу.	-	-	X	X	X
